



20 16 ж. « 02 » желтоқсан № 164 нқ « 02 » декабря 16  
20    г.

**«Нұр Отан» партиясының «Нұр Арман»  
арнайы партиялық жобасының шеңберіндегі  
қайырымдылық білім беру гранттары туралы**

«Нұр Арман» арнайы партиялық жобасын іске асыру мақсатында  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Әлеуметтік көмекке мұқтаж жастарды шетелдік оқу орындарында бакалавриат бағдарламасы және «Foundation» даярлық бағдарламасы бойынша оқыту үшін «Нұр Отан» партиясының қайырымдылық білім беру гранттары (бұдан әрі – гранттар) белгіленсін.

2. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес «Нұр Отан» партиясының қайырымдылық білім беру гранттары туралы ереже бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес құрамда гранттарды беруге үміткерлерді іріктеу бойынша комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

4. Осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес «Нұр Отан» партиясының қайырымдылық білім беру грантын ұсыну туралы үлгі шартының нысаны бекітілсін.

5. «Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент мектебі» жеке меншік мекемесі жобаның әкімшісі болып айқындалсын.

6. Комиссия гранттарды тағайындау жөніндегі кандидаттар бойынша ұсыныстарды осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап он күн ішінде енгізісін.

7. «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Бірінші орынбасарының «Нұр Отан» партиясы» қоғамдық бірлестігінің заңды және жеке тұлғаларына демеушілік, қайырымдылық және қаржылық көмек көрсету ережесін бекіту туралы» 2014 жылғы 5 қарашадағы № 153нқ бұйрығына мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген «Нұр Отан партиясы» қоғамдық бірлестігінің демеушілік, қайырымдылық және қаржылық көмек көрсету ережесінде:

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Осы Ереже «Нұр Арман» арнайы партиялық жобасына қатысты қолданылмайды».

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау партия Хатшысы  
Ф.Ш. Қуанғановқа жүктелсін.

9. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Партия Торағасының  
Бірінші орынбасары

↳



М. Құл-Мұхаммед



«Нұр Отан» партиясының Төрағасы  
Бірінші орынбасарының  
2016 жылғы «2» 12  
№ 164нқ бұйрығына  
1-қосымша

## **«Нұр Отан» партиясының қайырымдылық білім беру гранттары туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы «Нұр Отан» партиясының қайырымдылық білім беру гранттары туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Нұр Отан» партиясы «Нұр Арман» арнайы партиялық жобасының шеңберінде ұсынатын қайырымдылық білім беру гранттарын (бұдан әрі – гранттар) тағайындау тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

**«Нұр Отан» партиясының қайырымдылық білім беру гранты** (бұдан әрі – грант) – бакалавриат бағдарламасы және «Foundation» даярлық бағдарламасы бойынша шетелдік жоғары оқу орындарына оқуға түскен, әлеуметтік көмекке мұқтаж тұлғаларға осы Ережеде белгіленген шарттармен өтеусіз ұсынылатын нысаналы ақшалай сома;

**гранттарды тағайындауға үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссия** (бұдан әрі – Комиссия) – гранттарды тағайындау жөніндегі конкурсты өткізу үшін «Нұр Отан» партиясы құратын комиссия;

**грантты тағайындау үшін үміткер** (бұдан әрі – үміткер) – шетелдік жоғары оқу орындарына өз бетінше түскен, осы Ереженің 6 және 7-тармақтарында аталған талаптарға сәйкес келетін жастар өкілі;

**жобаның әкімшісі** (бұдан әрі – жобаның Әкімшісі) – «Нұр Отан» партиясы бөлетін қаражат есебінен грант ұсынатын «Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент мектебі» жеке меншік мекемесі;

**Грант беруші** – «Нұр Отан» партиясы;

**Грант иегері** – Комиссия шешімімен грант тағайындалған Қазақстан Республикасының азаматы;

**оқу жылы** – есепті жылдың қыркүйегі мен келесі жылдың шілдесі аралығы немесе екі жалғаспалы семестр немесе үш триместр;

**«Foundation» бағдарламасы** - оқитын елдің білім стандарттары шеңберінде негізгі пәндер бойынша білім деңгейін арттыру және ағылшын тілін меңгеруді жетілдіру мақсатында шетелдік жоғары оқу орнына түсуге үміткерлерді дайындау бағдарламасы;

**шетелдік жоғары оқу орны** (бұдан әрі – ЖОО) – шетел мемлекетінің аумағында орналасқан жоғары кәсіби білім беретін білім беру мекемесі;

**Сенімгер** – Грант иегерінің шетелде оқу және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жердегі өкілдіктерде (дипломатиялық ұйымдар, сауда ұйымдары), сондай-ақ халықаралық ұйымдарда еңбек

*М. Басым*

*[Signature]*

қызметі бойынша шарттық міндеттемелерін орындауына мониторинг жүргізу бойынша Жоба әкімшісіне белгіленген тәртіпте қызметтер көрсететін ұйым.

## 2. Грант тағайындау шарттары мен критерийлері

3. Грант беруші жыл сайын бакалавриат бағдарламасы және «Foundation» даярлық бағдарламасы бойынша шетелдік жоғары оқу орындарында жастарды оқыту үшін 20 грантқа дейін бөледі.

4. Гранттарды бөлу Грант берушінің тиісті жылға қатысты бюджетінде көзделген сома шегінде жүргізіледі.

5. Гранттарды тағайындау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

6. Грантты алуға үміткерлер мына талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1) Қазақстан Республикасының азаматы болуы қажет;

2) анықтама берілген сәттен бастап соңғы бір жыл ішінде өзгермеген, осы Ереженің 7-тармағында аталған, халықтың санаттарына қатыстылығы құжаттамамен расталған мәртебесінің болуы;

3) бакалавриат немесе «Foundation» даярлық бағдарламалары бойынша шетелдік жоо студентінің құжаттамамен расталған мәртебесінің болуы;

4) соттылығының болмауы.

7. Орта білім беру ұйымдары мен колледждердің 21 жасқа дейінгі түлектері мынадай басымдылық тәртіпте грант алуға үміткерлер бола алады:

1) жетім-балалар немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

2) бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға тыйым салынбаған мүгедек балалар;

3) жан басына шаққанда орташа айлық табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен жеке тұлғаларға (отбасыларына) мемлекет ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын отбасылардан шыққан балалар;

4) асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы алатын отбасылардан шыққан балалар;

5) ата-анасының екеуі де мүгедек болып табылатын отбасылардан шыққан балалар;

6) ата-анасының біреуі мүгедек, ал екіншісі – әлеуметтік саладағы бюджеттік ұйымының қызметкері, не орташа айлық табысы 50 айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) жоғары емес ата-ана болып табылатын отбасылардан шыққан балалар;

7) ата-анасының орташа айлық табысы соңғы жылы 50 АЕК-тен аспаған толық емес отбасылардан шыққан балалар;

8) аналары «Күміс алқа», «Алтын Алқа» алқасымен марапатталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған көп балалы отбасылардан шыққан балалар.

*М. Басин*

*2*

8. «Foundation» дайындық бағдарламасы және бакалавриат бағдарламасы бойынша білім алуға грант әрбір үміткерге 1 рет беріледі.

### 3. Үміткерлерді іріктеу және гранттарды тағайындау тәртібі

9. Гранттарды тағайындау үшін үміткерлерді іріктеуге осы Ережеге сәйкес құжаттар ұсынған және іріктеу талаптарына сәйкес келетін тұлғалар жіберіледі.

10. Грант алуға үміткер тұлғалар Комиссияның қарауына осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша құжаттарды ұсынады:

Құжаттар мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде беріледі. Шет тілдеріндегі құжаттарға нотариалды расталған мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріндегі аудармасы қоса беріледі.

Құжаттар пакеті толық тапсырылмаған жағдайда, үміткердің грант тағайындау туралы өтініші қарастырылмайды.

Үміткердің білім беру грантын тағайындау үшін ұсынған құжаттары қайтарылмайды.

11. Конкурса қатысу үшін қажетті құжаттарды жинау бойынша шығындар төленбейді.

12. Жоба мақсаттарын іске асыру үшін Комиссия грантқа үміткерден және үшінші тұлғалардан қосымша мәліметтер мен үміткерлер туралы құжаттарды сұрата алады.

13. Жоба әкімшісі іріктеуге жіберілген тұлғаларға шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде іріктеуге қатысуға жіберілгені туралы хабарлайды.

14. Іріктеу төрт кезеңнен тұрады:  
үміткерлердің құжаттарын жинау;  
психологиялық тестілеу;  
әңгімелесу;

грантты тағайындау туралы шешім қабылдау.

Іріктеудің бірінші және екінші кезеңінде ұсынылған құжаттар негізінде жобаның Әкімшісі осы Ереженің 6 және 7 - тармақтарына сәйкес тізбеленген талаптарға үміткердің сәйкестігін айқындайды, үміткерлерге психологиялық тестілеуді және олармен Комиссия мүшелерінің әңгімелесуін ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізіледі.

Комиссия төртінші кезеңде үміткерлерге, түпкілікті іріктеу жүргізеді және гранттар тағайындайды.

15. Үміткерлердің материалдарын, тестілеу мен әңгімелесу нәтижелерін қарастырғаннан кейін, Комиссия гранттарды тағайындау туралы шешім қабылдайды.

*М. Бағам*

*3*

#### 4. Конкурстық комиссия

16. Гранттарды тағайындау жөніндегі конкурсты «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Бірінші орынбасарының бұйрығымен құрылатын Комиссия өткізеді.

17. Комиссия құрамына Партия орталық аппаратының, партияның ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылық қызметкерлері, сондай-ақ Парламент Мәжілісінің депутаты – «Білім беру» бағыты бойынша партиялық куратор кіреді.

Партия Хатшысы Комиссия төрағасы болып табылады.

18. Комиссияның жұмыс органы - жобаның Әкімшісі болып табылады.

19. Комиссия отырысы, егер оның құрамының үштен кемінде екі бөлігі қатысқан жағдайда, заңды деп саналады.

Шешім Комиссияның қатысып отырған мүшелері берген дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады. Дауыс беру кезінде дауыстар тең түскен жағдайда, Комиссия Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия шешімі отырыстың барлық қатысушылары қол қойған хаттамамен ресімделеді.

20. Грант алуға арналған өтініштерді қарастыру бойынша Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі.

21. Комиссия үміткерлердің құжаттарына конкурс өткізеді және мынадай ұйымдастыру функцияларын жүзеге асырады:

1) отырыстарды өткізу;

2) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес үміткерлер ұсынған құжаттарды қарастыру;

3) үміткерлермен әңгімелесу өткізеді;

4) психологиялық тестілеу және әңгімелесу нәтижелері бойынша Әкімшісі ұсынған тізімнен грант тағайындау үшін үміткерлерге іріктеу жүргізеді.

22. Хаттамалық шешіммен Комиссия:

1) конкурста құжаттарды қабылдау мерзімін бекітеді;

2) гранттар мөлшерін айқындайды және «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасарына бекітуге енгізеді;

3) гранттар тағайындайды және Грант иегерлерінің тізімін бекітеді;

4) грант төлеуді тоқтата тұрады;

5) гранттың қолданысын тоқтатады.

#### 5. Жобаның Әкімшісі

23. Грант берушінің тапсырмасы бойынша «Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент мектебі – жобаның Әкімшісі болып табылады.

24. Жобаның Әкімшісі Комиссияның қызметін қамтамасыз етеді.

25. Жобаның Әкімшісі:

*М. Басым*

*А*

- 1) «Нұр Отан» партиясы аймақтық филиалдарының ұсыныстары негізінде грантқа үміткерлердің тізімін қалыптастырады;
- 2) үміткерлермен психологиялық тестілеуді ұйымдастырады;
- 3) Комиссияның қарауына ұсынылған құжаттармен қоса үміткерлердің тізімін енгізеді;
- 4) Грант иегерлерімен грант ұсыну туралы шарттар жасасады;
- 5) Грант берушіден Грант иегерлеріне төлемдерді жүзеге асыру үшін қаржыландыру алады;
- 6) Сенімгермен бірлесе отырып, семестр/триместр қорытындысы бойынша Грант иегерлерінің оқуына мониторинг жүргізеді;
- 7) Сенімгермен бірлесе отырып, шетелдік ЖОО-да оқуын аяқтаған Грант иегерлерінің Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жердегі өкілдіктерде (дипломатиялық ұйымдар, сауда ұйымдар, сондай-ақ халықаралық ұйымдар) жұмысқа орналасуына жыл сайынғы мониторинг жүргізеді;
- 8) Грант берушіге жобаның іске асырылуы туралы есепті жыл сайын 1 қыркүйекке қарай ұсынады.

26. Жоба Әкімшісі жүргізілген мониторинг негізінде Комиссияның қарауына грант төлеуді тоқтата тұру, не гранттың қолданылуын тоқтату туралы мәселені енгізеді.

27. Жобаның Әкімшісі өз қызметінде осы Ережені және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

## **6. Грант мөлшері мен оны төлеу тәртібі**

28. ТМД елдері мен алыс шетелдің білім беру ұйымдарында оқытындардың грант мөлшері «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары бекітетін, төмендегілерді ескеретін, шығындар сметасымен айқындалады:

бакалавриат бағдарламасын және «Foundation» бағдарламасын толық игеру кезеңінде, аударым үшін банк комиссиясын қоса алғандағы оқу төлемі;  
жылына бір рет тұратын жерінен оқу орнына дейін және әрбір оқу (академиялық) жылынан кейін кері қарай әуе көлігімен, теміржол көлігімен және автобуспен жол жүру төлемін;

медициналық сақтандыру;

консулдық алым (қажет болған жағдайда);

тұру және тамақтану шығындарын қамтитын стипендия.

29. Грант төлеуді Жоба әкімшісі Комиссиямен келісілген және «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары бекітетін шығындар сметасының негізінде әрбір Грант иегері үшін жеке белгіленген мөлшерде ұйымдастырады.

30. Грант:

жыл сайын әрбір оқу жылына, оқу аяқталғанға дейін, ЖОО-дағы оқу құнына, сондай медициналық сақтандыру шығындарына тең сомада;

*М. Бекмұғал*

*А. А.* 5

оқу жылының басында және әрбір оқу жылының соңында Қазақстан Республикасынан оқитын елге және кері қарай жол жүру құжаттарының көшірмесін көрсеткен жағдайда;

ай сайын, каникул кезеңін қоспағанда, Комиссия шешімі негізінде «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары бекітетін нормалардан аспайтын стипендия мөлшерінде төленеді. Сырттай оқитын мүгедектер үшін стипендия сессия кезеңінде төленеді.

Грантты төлеу Грант иегері және жобаның Әкімшісі арасында жасалған шарт негізінде төлем күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) жүзеге асырылады.

31. Грант қаражаты тек қолма-қол ақшасыз тәсілмен жобаның Әкімшісі шотынан Грант иегері мен жобаның Әкімшісі арасында жасалған шартта көрсетілген, Грант иегерінің банктік немесе карточкалық шотына тікелей аудару арқылы төленеді.

32. Комиссия грант алуға байланысты барлық даулы мәселелерді шешуді жүзеге асырады.

## 7. Қорытынды ережелер

33. Конкурс жеңімпазы Комиссия оған грант тағайындау туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 40 (қырық) күн ішінде жоба Әкімшісімен үлгі нысан бойынша шарт жасасады.

34. Грант иегері шарт жасасу кезінде 18 (он сегіз) жасқа толмаған жағдайда, онда шартқа Грант иегері олардың келісімі алынған заңды өкілдерінің қатысуымен қол қояды.

35. Грант иегерімен шарт жасалғаннан кейін жобаның Әкімшісі Сенімгермен бірлесе отырып, оқу кезеңінде олардың оқу үлгеріміне мониторингті жүзеге асырады. Грант иегерінің оқу үлгерімі семестр/триместр қорытындысы бойынша қадағалануы тиіс. Жыл қорытындысы бойынша ЖОО-да белгіленген нысан бойынша транскрипт негізінде есеп жасалады.

36. Грант иегерінің академиялық демалысына байланысты оқудағы үзіліс және/немесе мән-жайлары анықталғанға дейін төлемдерді тоқтатуға себеп болған өзге жағдайлар грант төлеуді тоқтата тұруға негіз болады.

37. ЖОО-да оқуын аяқтаған соң Грант иегерлері Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жердегі өкілдіктерде (дипломатиялық ұйымдар, сауда ұйымдар, сондай-ақ халықаралық ұйымдар) кемінде екі жыл бойы қызмет атқаруға міндетті. Кейбір жағдайларда Грант иегері Комиссия шешімімен Қазақстан Республикасындағы міндетті еңбек қызметінен босатылуы мүмкін.

38. Егер ЖОО-да оқу ақысы, не оқитын жері бойынша тұру орны, көліктік шығындары ЖОО-ның немесе үшінші тұлғалар қаражаттары

*М. Басым*

*6*



есебінен толық немесе ішінара төленген жағдайда, онда тиісті сома гранттан алынып тасталады.

Егер ЖОО-ның жатақханасында тұру ақылы болса, онда стипендия растау құжаттарды ұсыну негізінде тұру бойынша іс жүзіндегі шығындарды қамтиды. Тұрғынжайы жалға алынған жағдайда, Грант иегерінің шығындары Комиссия шешімі негізінде «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары бекітетін тұру нормалардан аспайтын мөлшерде, ұсынылған құжаттар негізінде өтеледі.

39. Жұмысқа орналасқан Грант иегерлері жыл сайын Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жердегі өкілдіктерде (дипломатиялық ұйымдар, сауда ұйымдар, сондай-ақ халықаралық ұйымдар) олардың жұмысқа тұру фактілерін растайтын құжаттарды ұсынады.

40. ЖОО-да оқуын тоқтатқан жағдайда, Комиссия Грант берушіге келтірілген шығындарды өтемей-ақ, грант қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

*М. Бекмұх*

*М. Бекмұх* 7

«Нұр Отан» партиясының  
қайырымдылық білім беру  
гранттары туралы ережеге  
1-қосымша

**«Нұр Отан» партиясының қайырымдылық білім беру гранттарын алуға  
үміткер тұлғалардың конкурстық комиссияның қарауына ұсынатын  
ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ**

**Үміткерлерді іріктеудің бірінші кезеңі ( 15 маусымға дейін)**

1. «Нұр Отан» партиясы аймақтық филиалының ұсынымы;
2. Комиссия төрағасының атына ұсынылған нысан бойынша грант тағайындауға өтініш;
3. Жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды расталған көшірмесі (үміткердің паспорты);
4. Туу туралы куәліктің нотариалдық расталған көшірмесі;
5. Ұсынылған нысан бойынша қатысушының сауалнамасы;
6. Эссе-негіздеме;
7. Орта білім туралы аттестаттың нотариалды расталған көшірмесі;
8. 0-82/у медициналық анықтамасы;
9. Электрондық тасымалдағыштағы JPG форматындағы 3x4 фотосурет - 4 дана;
10. Бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға шетелдік университеттің шақыруы;
11. Оқу ақысын төлеу есепшоты (инвойс);
12. Отбасы құрамы туралы анықтама;
13. Ата-анасының жеке басын куәландыратын құжаттардың нотариалды расталған көшірмесі;
14. Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мәртебесін растайтын басқа да құжат;
15. Атаулы әлеуметтік көмек алу туралы анықтама;
16. Үміткердің мүгедектігі туралы анықтама;
17. Асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік жәрдемақы алатыны туралы анықтама;
18. Ата-анасының екеуінің мүгедектігін растайтын анықтамалар (бар болған жағдайда);
19. Ата-анасының біреуінің мүгедектігін растайтын анықтама (бар болған жағдайда);
20. Толық емес отбасылары үшін – некенің бұзылуы туралы куәліктің, ата-анасының біреуінің қайтыс болғандығы туралы куәліктің көшірмесі, жалғызбасты ана мәртебесі туралы нотариалды расталған өтініш немесе анықтама және басқалар;
21. Көп балалы отбасыларынан шыққан тұлғалар үшін – «Алтын алқа» алқасын немесе «Батыр ана» атағын, «Күміс алқа» алқасын беру туралы куәліктің көшірмесі;

*М. Әбдішев*

*Ж*

22. Барлық санаттар үшін – Халыққа қызмет көрсету орталығынан жылжымайтын мүлкінің бар/жоғы туралы анықтама және грант алуға өтініш берген күннің алдындағы айдағы жағдай бойынша соңғы 12 ай ішінде зейнетақы қорынан үзіндіні қоса бере отырып, басқа ата-анасының еңбекақысы туралы жұмыс орнынан анықтама.

**Үміткерлерді іріктеудің екінші кезеңі ( 1 тамызға дейін)**

23. Шетелдік жоғары оқу орнымен жасалған шарттың көшірмесі немесе ЖОО қабылданғанын дәлелдейтін құжат;

24. «Foundation» даярлық бағдарламасы бойынша оқуын растайтын құжат;

25. Үміткердің жоғары оқу орнының студенті екенін растайтын анықтама;

26. Банктік (карточкалық) есепшоты туралы анықтама;

27. Жоғары оқу орнының жатақханасында тұру ақысы туралы анықтама немесе тұрғын үйді жалға алу туралы шарттың көшірмесі.

28. Жол жүру құжаттарының, оның ішінде әуе билеттері (эконом класс), теміржол (СВ-дан басқа) және автобус билеттері;

29. Медициналық сақтандыруға төленген квитанциялар (болған жағдайда);

30. Консулдық алымға төленген квитанция.

«Нұр Отан» партиясының қайырымдылық  
білім беру гранттары туралы ережеге  
2-қосымша

«Нұр Отан» партиясының  
қайырымдылық білім беру гранттарын  
тағайындау жөніндегі комиссияның  
төрағасы

Ф.Ш. Қуанғановқа

Үміткер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)  
толығымен)

Қазақстандағы тұрғылықты мекен-жайы

\_\_\_\_\_  
телефоны \_\_\_\_\_

электрондық мекен-жайы

\_\_\_\_\_ ЖСН \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (жеке сәйкестендіру нөмірі)

## ӨТІНІШ

Мен, \_\_\_\_\_,  
маған \_\_\_\_\_,  
(жоғарғы оқу орнының атауы)

\_\_\_\_\_ мамандығы  
(ағылшын тілінде)

бойынша білім алу үшін «Нұр Отан» партиясының қайырымдылық білім беру грантын ұсынуыңызды өтінемін.

Бағдарлама бойынша оқу \_\_\_\_\_ семестр/триместр, \_\_\_\_\_ жылға/жылдарға созылады.

Грант алу шарттарымен таныстым.

«Нұр Отан» партиясының қайырымдылық білім беру грантына үміткердің мәртебесін растайтын құжаттар қоса беріліп отыр.

2016 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ (қолы)

ФОТО 3x4

«Нұр Отан» партиясының  
қайырымдылық білім беру  
гранттары туралы ережеге  
3-қосымша

**«Нұр Отан» партиясының қайырымдылық білім беру грантына үміткердің сауалнамасы**

Т.А.Ә. (толығымен)	
Туған күні	
Жеке куәлігінің/паспортының мәліметтері	
Үміткердің ЖСН	
Байланыс телефондары (оның ішінде оқитын еліндегі ұялы телефон)	
Электрондық мекен - жайы, скайп мекен - жайы	
Қазақстандағы тұрғылықты жерінің мекен - жайы (тіркелген жері)	
Оқитын елі	
ЖОО атауы, мекенжайы	
Мамандығы	
Оқу бағдарламасы	
Оқу ұзақтығы (жыл)	
Оқудың басталу күні, айы, жылы	
Оқыту нысаны (күндізгі, сырттай, ҚО)	
Бір жылға оқу құны (инвойс)	
Жатақханада тұру құны (инвойс)	
Визалық алым құны	
Медициналық сақтандыру құны	
Екі жаққа жол жүруге арналған әуе билеттері, теміржол көлігі билеттерінің құны (билеттердің көшірмесі/сайттан үзінді)	
Оқу түрі (грант, коммерциялық)	
Жетістіктері (оның ішінде Халықаралық олимпиада, конкурстар, жобалар жеңімпазы, жүлдегері және т.б.)	
Қандай тілдерді біледі, меңгеру деңгейі	
Орта мектеп атауы, аяқтаған жылы, орналасқан жері	
ҰБТ баллдары	
Орта білімі туралы аттестаттың орташа балы	
Сіз «Алтын белгі» иегерісіз бе?	
Үміткердің әлеуметтік мәртебесі	

*М. Бисмұғ*

*А.А.*

<b>Қосымша деректер</b>	
Отбасы құрамы (барлық отбасыларының Т.А.Ә., туған күндері)	
Отбасы мүшелерінің оқу, жұмыс орындары, қызметі	
Ата-анасының ЖСН	
Ата-анасының байланыс телефондары (үй, облыс коды көрсетілген, ұялы)	
Ата-анасының әлеуметтік мәртебесі	
Әлеуметтік төлемдерінің болуы (АСП, мүгедектігі, асыраушысынан айырылу туралы жәрдемақы) <i>(нақты көрсету қажет)</i>	

*М. Әлиев*

*А. А.*

«Нұр Отан» партиясының  
Төрағасы Бірінші орынбасарының  
2016 жылғы «2» \_\_\_\_\_ 12  
№164 бұйрығына  
2-қосымша

**«Нұр Отан» партиясының қайырымдылық білім беру гранттарын  
тағайындау жөніндегі үміткерлерді іріктеу комиссиясының  
құрамы**

- |  |   |
|--|---|
| 1. Қуанғанов<br>Фархат Шаймұратұлы     | «Нұр Отан» партиясының Хатшысы,<br>комиссия төрағасы  |
| 2. Бектұрғанов<br>Әбдіманап Елікбайұлы | ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, білім<br>беру бағыты бойынша партиялық куратор,<br>комиссия төрағасының орынбасары            |
| Комиссия мүшелері:                     |   |
| 3. Ихданов<br>Ақылбек Жәмелұлы         | «Нұр Отан» партиясы Орталық аппаратының<br>басшысы  |
| 4. Оспанов<br>Мәди Жарылғасынұлы       | «Нұр Отан» партиясы Орталық аппараты<br>басшысының орынбасары - «Нұр Отан»<br>партиясы Орталық аппараты Заң қызметінің<br>басшысы |
| 5. Шәменова<br>Балжан Мөрәліқызы       | «Нұр Отан» партиясы Орталық аппараты<br>басшысының орынбасары   |
| 6. Құрманғалиева<br>Жанна Дулатқызы    | «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Бірінші<br>орынбасарының кеңесшісі  |
| 7. Аксютиц<br>Александр Владимирович   | «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Бірінші<br>орынбасарының баспасөз хатшысы   |
| 8. Кеңесова<br>Әсел Кеңесқызы          | Кадрлық саясат департаментінің директоры  |
| 9. Байманов<br>Шахмардан Асқарұлы      | «Жас Отан» Жастар канатының төрағасы  |
| 10. Боқанова<br>Жанар Қалиқанқызы      | Саяси менеджмент мектебінің директоры   |

«Нұр Отан» партиясының Төрағасы  
Бірінші орынбасарының 2016 жылғы  
« 2 » \_\_\_\_\_ № 164нқ бұйрығына  
3-қосымша

## «Нұр Отан» партиясының қайырымдылық білім беру грантын ұсыну туралы ҮЛГІ ШАРТЫ

Астана қаласы

2016 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Бұдан әрі бірлесіп, «Тараптар» жеке-жеке «Тарап», бір тараптан «жоба Әкімшісі» деп аталатын, «Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент мектебі» жеке меншік мекемесі атынан, Ереже негізінде әрекет ететін директор \_\_\_\_\_, және екінші тараптан «Грант иегері» деп аталатын Қазақстан Республикасының азаматы (-шасы) \_\_\_\_\_, жеке басын куәландыратын құжаттың (жеке куәлігі) № \_\_\_\_\_, « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылы берген, ИИН \_\_\_\_\_, төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Осы Шарттың мәні – «Нұр Отан» партиясының (бұдан әрі – Грант беруші) қайырымдылық білім беру грант иегеріне (бұдан әрі – грант және Грант иегері) шетелдік жоғары оқу орнында (бұдан әрі – ЖОО) бакалавриат бағдарламасы және «Foundation» даярлық бағдарламасы бойынша оқуы, осы Шартта бекітілген тәртіпте және мақсаттары мен шарттарына сәйкес грант бойынша алынған қаржылық қаражатты жұмсау бойынша міндеттерін Грант иегерінің орындауы үшін жоба Әкімшісінің «Нұр Отан» партиясы бөлетін өтеусіз негізде қаржылай қаражатты беруі кезіндегі Тараптардың өзара қарым-қатынасы болып табылады.

1.2. «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Бірінші орынбасарының 2016 жылғы «02» желтоқсандағы №164нқ бұйрығымен бекітілген «Нұр Отан» партиясының қайырымдылық білім беру гранттары туралы ережесіне (бұдан әрі – Ереже) сәйкес жүргізілген грант алуға үміткерлерді іріктеу нәтижелері бойынша, Гранттарды тағайындау жөніндегі Комиссия (бұдан әрі – Комиссия) отырысының 20\_\_ жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ хаттамасының негізінде жоба Әкімшісі Грант иегеріне

\_\_\_\_\_ (ЖОО, оқитын елінің атауы)

\_\_\_\_\_ (академиялық дәреже мен мамандық атауын көрсету қажет)

грант бойынша жалпы оқу мерзімімен \_\_\_\_\_ семестр/триместр, барлығы \_\_\_\_\_ жыл, Грант иегерінің ЖОО-да оқуы басталған күннен бастап қаржы бөледі.

1.3. Қайырымдылық білім беру грантының қолдану кезеңі: бакалавриат бағдарламасы мен «Foundation» даярлық бағдарламасы бойынша оқу (академиялық) жылы басталғаннан бастап осы Шарттың 1.2. тармағына сәйкес жоғары оқу орнындағы оқуы аяқталғанға дейін.

### 2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

2.1. Жоба Әкімшісі мыналарға міндетті:



1) Осы Шарттың 1.2-тармағына сәйкес Грант иегеріне өтеусіз негізде қаржылай қаражат бөлуге;

2) Осы Шарттың 3.2 және 3.5-тармақтарына сәйкес белгіленген мөлшерде және бекітілген кесте бойынша Грант иегеріне қаржы қаражатын аударуды жүргізуге;

3) Комиссияның хаттамалық шешімін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оған қатысты қабылданған шешімдер туралы Грант иегеріне хабарлауға;

4) Грант иегерінің жұмыс іздестіруге көмектесу туралы жазбаша өтінішінен соң 3 (үш) ай ішінде жұмысқа орналастыруға көмектесу бойынша шаралар қабылдауға;

2.2. Жоба Әкімшісінің құқықтары:

1) Грант иегерінен осы Шартқа сәйкес алынған қаражатты мақсатты пайдалану бойынша қаржылық құжаттарды сұратуға;

2) қабылдаушы ЖОО-ның ішкі тәртіп ережелері мен талаптарын және осы Шарттың жағдайларының сақталуы мен орындалуын талап етуге;

3) Грант иегері үшінші тарап есебінен оқу ақысы, көлік және тұру шығындары бойынша төленген шығындар туралы хабарламаған немесе уақытылы мағлұмат бермеген жағдайда, Комиссия шешімінің негізінде артық төленген ақшалай қаражаттарын кері қайтару бойынша шаралар қолдануға;

4) Грант иегерінің оқу процесіне мониторинг жүргізуге, одан шарттық міндеттемелерінің орындауын тексеру үшін қажетті құжаттар ұсынуды талап етуге;

5) Грант иегерінің академиялық демалысына байланысты оқуында үзілістер туындаған жағдайда, немесе Комиссия шешімінің негізінде төлемдерді тоқтата тұру үшін негіз болған өзге жағдайларда грант төлеуді тоқтата тұруға;

6) Грант иегерінің осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған, оның ішінде еңсерілмейтін күш жағдайлары бойынша оқуын тоқтатқан жағдайда, Комиссия шешімінің негізінде гранттың қолданысын тоқтатуға;

7) жобаның Әкімшісі мен Сенімгер арасында жасалған келісім негізінде оқыту және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жердегі өкілдіктерде (дипломатиялық ұйымдар, сауда ұйымдары, сондай-ақ халықаралық ұйымдар)

8) еңбек қызметі бойынша шарттық міндеттемелерді Грант иегерінің орындауына мониторинг бойынша қызметтер көрсететін Сенімгердің қызметтерін пайдалануға;

9) Жобаның Әкімшісі мынадай кезеңдерде алған, Грант иегері туралы мәліметтерді пайдалануға:

грант тағайындау үшін конкурстық іріктеуден өтуі;

оның ЖОО-да оқуын ұйымдастыру;

ЖОО-да оқу;

ЖОО-да оқуын аяқтаған соң Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жердегі өкілдіктерде (дипломатиялық ұйымдар, сауда ұйымдары, сондай-ақ халықаралық ұйымдар) екі жылдық еңбек қызметі;

10) қажет болған жағдайда, Грант иегері туралы мәліметтерді Сенімгерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдарға ресми сұрату бойынша бере алады.

2.3. Грант иегері міндетті:

1) жобаның Әкімшісі белгілеген мерзімде, Грант иегерінің шарттық міндеттемелерді орындауын бақылау үшін грант қаражатын мақсатты жұмсауына байланысты қажетті құжаттарды, оның ішінде шығындарды растайтын төлем құжаттарының көшірмелерін жобаның Әкімшісіне ұсынуға. Егер ЖОО-да оқу ақысы, не оқуына қатысты тұратын орны, немесе ЖОО-ның немесе бөгде ұйымдар қаражаттары есебінен көлік шығындары толық немесе жартылай төленген жағдайда, Грант иегері жоба Әкімшісіне тез арада хабарлауға.

2) Грант сомасынан оқуға арналған ақша қаражатын Әкімшіден алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде ЖОО-ға аударуға;

3) ЖОО-да оқуын бастаған соң күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жобаның Әкімшісіне қол қойылған рұқсатнама беруге, оған сәйкес ЖОО әкімшілігі жобаның Әкімшісіне құпия ақпаратты беруге құқығы бар;

4) жобаның Әкімшісіне ЖОО белгілеген әрбір аралық оқу кезеңінің (семестр, триместр немесе басқалар) нәтижелерін алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде академиялық үлгерім туралы жоғары оқу орнынан ресми үзінді көшірмені және жылына 2 (екі) рет олардың ЖОО - да оқу фактісін растайтын анықтама ұсынуы тиіс;

5) ЖОО-ның мамандық бойынша оқу жоспарына және осы Шарттың 1.2-тармағында көрсетілген, не оған баламалы білім беру бағдарламасына сәйкес бекітілген мерзімде толық оқу курсы аяқтауға, диплом жұмысын қорғауға;

6) оқу жылының қорытындысы бойынша жылына бір рет, семестр/триместр үшін оқу жылының қорытындысы бойынша белігленген нысандағы есептер ұсынуға;

7) Қазақстан Республикасының және барған елдің заңнамасын, жалпы қабылданған мінез-құлық және адамгершілік нормаларын, сондай-ақ ЖОО белгілеген ережелер мен талаптарды бұзбауға;

8) ЖОО-ның профессорлық-оқытушылар, оқу-көмекші және өзге персоналына, жоба Әкімшісінің өкілдеріне және басқа білім алушыларға құрмет көрсетуге, олардың арнамысына және абыройына нұқсан келтірмеуге.

9) өзінің іс-әрекетімен ЖОО-ға, жобаның Әкімшісіне, үшінші тұлғаларға материалдық залал келтірген жағдайда, Қазақстан Республикасының немесе барған елдің заңнамасына сәйкес өз қаражаты есебінен келтірілген залалды уақытылы өтеуге;

10) бекітілген оқу жоспарына сәйкес толық оқу курсы аяқтаған күннен күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жобаның Әкімшісіне оқуды аяқтағаны туралы өтінішті, сондай-ақ осы Шарттың 1.2-тармағында көрсетілген мамандық бойынша бакалавр дәрежесін беру туралы құжаттың мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріне нотариалды расталған аудармасын беруге;

11) толық оқу курсы аяқтаған соң күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қазақстан Республикасына қайтып оралуға немесе Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жердегі өкілдіктерде (дипломатиялық ұйымдар, сауда ұйымдары, сондай-ақ халықаралық ұйымдар) жұмысқа орналасқаны туралы жобаның Әкімшісіне хабарлауға;

12) бекітілген оқу жоспарында көзделген толық оқу курсы аяқтаған соң Қазақстан Республикасына қайтып оралған күннен бастап 6 (ай) ішінде өз бетімен жұмыс іздестіруге;

13) Осы Шарттың 2.3. тармағының 12) тармақшасында көрсетілген мерзімде жұмысқа орналаса алмаса Грант берушіге күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Грант берушіге жұмысқа орналастыруға көмек алу үшін жазбаша нысанда жүгінуге, бұл ретте жұмысқа орналаса алмау себебін және жұмысқа орналасу мақсатында барған ұйымдардың атауларын көрсетуі қажет;

14) Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жердегі өкілдіктерде (дипломатиялық ұйымдар, сауда ұйымдары, сондай-ақ халықаралық ұйымдар) үздіксіз кемінде екі жыл еңбек қызметін жүзеге асыруға;

15) жұмысқа орналасқан күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде бұл туралы жобаның Әкімшісіне ұйымның толық атауын және атқаратын лауазымын көрсете отырып және растайтын құжаттарды қоса бере отырып, хабарлауға. Жұмысқа орналасқан Грант иегерлері жыл сайын Қазақстан Республикасының аумағында немесе одан тыс жердегі өкілдіктерде (дипломатиялық ұйымдар, сауда ұйымдары, сондай-ақ халықаралық ұйымдар) жұмысқа орналасқанын растайтын құжатты ұсынуы тиіс;

16) Осы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауды қиындататын мән-жайлар туындаған жағдайда, жазбаша түрде жобаның Әкімшісіне тиісті мән-жайлар туындаған сәттен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде осы Шарттың жағдайларын орындаудың мүмкін еместігі туралы хабарлауға;

17) виза алу үшін құжаттарды дербес ресімдеуге;

18) Қазақстан Республикасында және оқу кезеңінде одан тыс жердегі өзінің байланыс деректері (тұрғылықты мекен-жайы, телефон нөмірлері (үй, жұмыс, ұялы, электрондық мекен-жайы) өзгерген жағдайда, 10 (он) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы жобаның Әкімшісіне және Сенімгерге хабарлауға.

2.4. Грант иегерінің құқықтары:

1) жобаның Әкімшісінен осы Шарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалуын талап етуге;

2) белгіленген тәртіпте және белгіленген мерзімде Грант алуға;

3) жобаның Әкімшісіне оның өтініштері мен шағымдарын қарастыру бойынша Комиссияның тиісті шешімдерін қабылдау үшін өтініш беруге.

### 3. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ МЕН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

3.1. Грант берушінің Жоба әкімшісін 2016 жылға арналған қаржыландыру сомасы шегінде Комиссия шешімімен айқындалған және аударымға тиісті грант құны \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңгені құрайды.

3.2. Партия Төрағасы Бірінші орынбасарының 2016 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген шығыстар нормасын және Грант иегері ұсынған құжаттарды ескере отырып, Тараптар белгілеген оқудың барлық кезеңіне гранттың жалпы құны алдынала есеп бойынша \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңге құрайды. Грант құны жоба Әкімшісіне міндетті тәртіпте жалпы соманы бір жолғы төлеу бойынша қандай да бір міндеттемелер жүктемейді. Шарттың жыл сайынғы құны осы шартқа тиісті қосымшада Грант берушінің қаржыландыру бөлуіне қарай анықталатын болады.

3.3. Осы Шарттың 3.1-тармағында көрсетілген сома алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін осы Шарттың 3.5-тармағының шарттарына сәйкес Грант иегерінің тиісті банктік реквизиттеріне ақшалай қаражатты аудару үшін негіздеме болып табылады.

3.4. Егер ЖОО Грант иегерін оқуға қабылдаудан, оқитын еліне кіруге виза ұсынудан және өзге де жағдайлардан бас тартылған жағдайда грантты мақсатты пайдалануға қатысты Грант иегеріне бөлінген ақшалай қаражат жоба Әкімшісіне толықтай қайтарылуы тиіс.

3.5. Жобаның Әкімшісі қайырымдылық білім беру гранты бойынша қаржылай қаражаттарды Грант иегерінің банктік реквизиттеріне (төлем карточкасына) аударым күніне шетелдік валютаға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің бағамы бойынша теңгемен - Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қолма-қол ақшасыз аударуды мына график бойынша жүзеге асырады:

1) жылына бір немесе екі рет, жоғары оқу орнында оқу ақысына тең сомада, аударым үшін банк комиссиясын қоса алғанда, жоғары оқу орны белгілеген талаптарға сәйкес жобаның Әкімшісіне Грант иегері оқуға арналған есепшотын ұсынғаннан кейін 10 (он) банктік күн ішінде жыл сайынғы төлем;

2) медициналық сақтандыруды, Грант иегері жоба Әкімшісіне растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін 10 (он) банктік күн ішіндегі төлемі;

3) консулдық алымдарды (қажет болған жағдайда), Грант иегері жоба Әкімшісіне растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін 10 (он) банктік күн ішіндегі төлемін;

4) оқу басталар алдында жылына бір рет Қазақстан Республикасынан оқитын еліне дейін және әрбір оқу жылынан кейін жылына бір рет кейін қарай, Грант иегері жоба Әкімшісіне жол жүру құжаттарының, оның ішінде әуе билеттері (эконом класс), теміржол билеттері (СВ-дан басқа) және автобус билеттерінің көшірмесін ұсынғаннан кейін 10 (он) банктік күн ішінде жол жүру төлемі;

5) жазғы каникул кезеңін қоспағанда, ай сайын 25 күніне дейін, Комиссия шешімінің негізінде «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары бекітілген нормалардан аспайтын, тұру және тамақтану шығындарын қамтитын стипендия мөлшеріндегі төлемін.

3.6. Егер ЖОО-да оқу ақысы, не оқитын жері бойынша тұратын орны, немесе көлік шығындары ЖОО-ның немесе бөгде ұйымдар қаражаттары есебінен толық немесе жартылай төленген жағдайда, тиесілі шығындар гранттан алынып тасталады.

3.7. Оқуды мерзімінен бұрын аяқтаған жағдайда, грант қаражаттын төлеу нақты деректер бойынша жүзеге асырылады.

#### **4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

4.1. Грант иегері осы Шарт бойынша міндеттемесінің біреуін болса да орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, жоба Әкімшісі Комиссия шешімінің негізінде Грант иегерін қаржыландыруды тоқтата тұруға құқылы.

4.2. Комиссияның шешімі бойынша гранттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда, Грант иегеріне осы Шарттың 3.4-тармағына сәйкес бұдан бұрын төленген ақша қаражаттары Грант иегерінің тарапынан өтелуге жатпайды.

4.3. Жоба Әкімшісі өз міндеттемелерін орындамағаны үшін, егер мұндай орындамау Грант иегері немесе үшінші тараптың әрекеті салдарынан туындаған жағдайда, жауап бермейді.

4.4. Осы Шартта көзделмеген өзге жағдайларда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауап береді

#### **5. ШАРТТЫ БҰЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

5.1. Грант иегері гранттан бас тартқан кезде, осы Шарт бұзылған жағдайда, жоба Әкімшісінің мекен-жайына шартты бұзуға негіз болған құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша хабарлама жібереді.

5.2. Жоба Әкімшісі Комиссияның шешімі бойынша бір жақты тәртіппен, 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Грант иегеріне осы туралы хабарлай отырып Шартты бұзуға құқылы, бұл ретте ағымдағы курстың (семестрдің) соңына дейін төленген оқу ақысын Грант иегері қайтармайды.

5.3. Жоба Әкімшісінің іс жүзінде көтерген шығындары болмаған немесе Грант иегері осы Шарттың 6-бөлімінде және 5.2-тармағында көзделген жағдайларда осы Шарт бойынша қаражатты өтеуден босатылған кезде, гранттан бас тарту немесе грантты тоқтату туралы Комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң осы Шарт бұзылды деп есептеледі.

#### **6. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ МӘН-ЖАҒДАЙЛАРЫ**

6.1. Тараптар, еңсерілмейтін күш мән-жағдайлары салдарынан міндеттерін орындай алмаған болса, осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Мұндай оқиғаларға, атап айтқанда: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, әскери іс-қимылдар, блокада, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы өкілетті ұйымдарының тиісті анықтамасымен расталған Грант иегерінің науқастануы, Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер, мемлекеттік органдардың актілерін шығару, басқа да мән-жағдайлар, егер олар осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тікелей ықпал ететін болса, Тараптар осындай ықпалға қарсы тұра алмаған және қалыптасқан жағдайда күтілетін барлық ықтимал шаралар мен іс-әрекеттерді қабылдаған жағдайда жатқызылады.





6.2. Еңсерілмейтін күш мән-жағдайларына сілтеме жасайтын тарап еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде басқа Тарапқа осындай жағдайлардың туындағаны жөнінде жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

## 7. ӨЗГЕ ЖАҒДАЙЛАР

7.1. Осы Шарт оған Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар барлық міндеттемелерді толық орындаған сәтіне дейін қолданылады.

7.2. Осы Шартпен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген жағдайларды сақтай отырып, Тараптар қосымша келісімдерге қол қою арқылы тек өзара келісім бойынша осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

7.3. Осы Шарт Грант иегері қайтыс болған жағдайда қолданылуын тоқтатады.

7.4. Осы Шарттан, не оған байланысты уағдаласушы Тараптар арасында туындалуы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешілуі тиіс.

Тараптар өзара келісімге келе алмаған жағдайда, барлық даулар жоба Әкімшісі орналасқан жері бойынша сотта шешіледі.

7.5. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамаларының нормалары қолданылады.

7.6. Осы Шарт заңды күші бірдей, мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 (екі) данада жасалды. Осы Шарттың бір данасы Грант иегеріне, екінші данасы – жоба Әкімшісіне беріледі.

## 8. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ, РЕКВИЗИТТЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

Жоба Әкімшісі

(қолы, Т.А.Ә.)

Мекен-жайы:

тел. \_\_\_\_\_,

БИН: \_\_\_\_\_

IBAN: \_\_\_\_\_

Банк реквизиттері: \_\_\_\_\_

Грант иегері

(қолы, Т.А.Ә.)

ҚР тұрғылықты жері:

қаласы  
көшесі

№ \_\_\_\_\_ үй, № \_\_\_\_\_ пәтер

тел. \_\_\_\_\_,

e-mail \_\_\_\_\_,

ЖСН \_\_\_\_\_,

Паспорты/жеке куәлігінің

№ \_\_\_\_\_,

берілді,

берілген күні \_\_\_\_\_

Осы шартқа қол қоюға келісім беремін (міз)

(қолы)

(Грант иегерінің заңды өкіл(дер) інің Т.А.Ә.)

«Нұр Отан» партиясының қайырымдылық білім беру грантын ұсыну шарттарымен таныстым және келісемін

(қолы, Грант иегері Т.А.Ә.)





20 16 ж. « 02 » желтоқсан № 164 нқ « 02 » декабря 20 16 г.

**О благотворительных образовательных грантах партии «Нұр Отан» в рамках специального партийного проекта «Нұр Арман»**

В целях реализации специального партийного проекта «Нұр Арман»  
**ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Учредить благотворительные образовательные гранты партии «Нұр Отан» (далее – гранты) для молодежи, нуждающейся в социальной поддержке, на обучение в зарубежных высших учебных заведениях по программе бакалавриата и подготовительной программе «Foundation».

2. Утвердить Положение о благотворительных образовательных грантах партии «Нұр Отан» согласно приложению 1 к настоящему приказу.

3. Создать комиссию по отбору претендентов на присуждение грантов (далее – Комиссия) в составе согласно приложению 2 к настоящему приказу.

4. Утвердить форму Типового договора о предоставлении благотворительного образовательного гранта партии «Нұр Отан» согласно приложению 3 к настоящему приказу.

5. Определить администратором проекта по присуждению грантов частное учреждение «Школа политического менеджмента Партии «Нұр Отан».

6. Комиссии внести предложения по кандидатам на присуждение грантов в течение десяти дней с даты подписания настоящего приказа.

7. Внести в приказ Первого заместителя Председателя партии «Нұр Отан» от 5 ноября 2014 года № 153нқ «Об утверждении Правил оказания спонсорской, благотворительной и финансовой помощи юридическим и физическим лицам Республики Казахстан общественным объединением «Партия «Нұр Отан» следующее дополнение:

в Правилах оказания спонсорской, благотворительной и финансовой помощи общественным объединением «Партия «Нұр Отан», утвержденных указанным приказом:

пункт 2 дополнить абзацем следующего содержания:

«Действие настоящих Правил не распространяется на специальный партийный проект «Нұр Арман».

8. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на Секретаря партии Куанганова Ф.Ш.

9. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания.

Первый заместитель  
Председателя партии



М. Кул-Мухаммед



Приложение 1  
к приказу Первого заместителя  
Председателя партии «Нұр Отан»  
от «2» 12 2016 года  
№ 164нк

## ПОЛОЖЕНИЕ о благотворительных образовательных грантах партии «Нұр Отан»

### 1. Общие положения

1. Настоящее Положение о благотворительных образовательных грантах партии «Нұр Отан» (далее – Положение) определяет порядок присуждения благотворительных образовательных грантов, предоставляемых партией «Нұр Отан» в рамках специального партийного проекта «Нұр Арман».

2. В настоящих Правилах используются следующие основные понятия:

